

## Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы емдеу-сауықтыру бірлестігінің санаторийлеріне жолдамалардың құнын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 қантар 1993 ж. N 28

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Емдеу-сауықтыру бірлестігіне қарасты санаторийлерге оған тіркелген адамдарға, былайғы үйымдарға және жеке адамдарға жолдамаларды сатудың құны N 1 және N 20 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігінің бастығына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, бірлестікке қарасты санаторийлерге оған тіркелген адамдарға, былайғы үйымдарға және жеке адамдарға баға индексінің өзгеруін ескеріп, жолдамаларды сатудың құнын бекіту хұқы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі санаторийлеріне жолдамалардың құнын бекіту туралы" 1992 жылғы 16 шілдедегі N 602 қаулысының 1-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 11 қантардағы  
N 28 қаулысына  
N 1, 2 қосымша  
(Кесте)